

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Тақырыбы: «Тәуелсіз ел тірегі - білімді ұрпақ»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
30.01.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/90827/>

Маңғыстау облысы: Мұнайлы ауданы

№ 9 «Бәйтерек» балабақшасы

Тәрбиеші: Болегенова Ақбопе Сырлановна

Тәрбиеші: Тәуелсіздік — бастауы бар бақыттың

Тәуелсіздік — ұлтың менен ұраның

Шартарапта шаттығындай азаттық

Ғасыр сүйіп тұрғандайын ғажап күн

Көк байрағы, Елтаңбасы, бірлігі

Шалқи берсін Әнұраны қазақтың

Әнұран орындалады

Қазақ халқы еркіндікке жету үшін қаншама қиын- қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар .Ал 1986 жылғы оқиға халықтың есіне мәңгі сақталады. 16-желтоқсанда қазақ жастары орталық алаңға шығып, Қазақстан тәуелсіздігін талап етті. Бұл күн-Қазақстан тарихында тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріппен жазылды. Сондықтан да желтоқсан бүкіл халықтық мереке.

-Балалар, біз осы тәуелсіздікке оңай жеткен жоқпыз. Оның бір көрінісі желтоқсан оқиғасы.

Желтоқсан оқиғасында ерен ерлігімен көзге түскендер өте көп, солардың бірі-Қайрат Рұсқұлбеков .Ол қыршын жасын қиды. Оған үлкен айып тағылды.

Ерлігіне қуанам да, сүйенем,

Қайрат аға рухыңа мен иілем.

Бәйшешектің солғанына ах ұрсам,

Әділ жанның қазасына күйінем.

Лаззат Асанова 1970 жылы өмірге келген. Желтоқсан оқиғасына Алматы қаласындағы музыка училищесінде оқып жүрген кезінде қатысқан еді. Ол не бәрі 16 жаста еді, және Сабира Мұхамеджанова, Ербол Спатаев деген жастарымыз желтоқсан оқиғасында ерліктерімен көзге түскендер.

Осыдан 29 жыл бұрын, яғни 1986жылы Алматының бас алаңына жастар жаман оймен барған жоқ. Олар бейбіт жолмен тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қатысқан. Енді міне, осы желтоқсан котерілісіне қатысқан ағаларымыз бен апаларымыздың арқасында ата-бабаларымыз үш ғасырға жуық уақыт бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік

Бас алаңда ел жосқан

Жастар қаны жуған түн.

16-желтоқсан Тәуелсіздік туған күн!

Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазақстан туелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз.

Сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Жақсы оқып, үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз елі мен жеріңді көркейтіп Қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсыңдар. Ендеше мерекеге арнаған тартуларыңды ортаға сала қойыңдар.

Сезім:

Менің Отаным Қазақстан, мен тақпағымды Отаныма арнаймын.

Отаным, жерім, ауылым

Әкешім, ана, бауырым

Отанның сүйем құм тасын

Сүйемін қарын жауынын

Жаннұр:

Отаным — елім, кең далам

Құстары биік самғаған

Мен сенің Отан бір балаң

Қорғауға өзін арнаған.

Арлан:

Отан сенің ата-анаң,

Отан досың бауырың

Отан үлкен Астанаң.

Оған жақын бауырың

Ақтолқын:

Мен Қазақстанымды шексіз сүйемін.

Қазақстан — елім менің

Отаным — жерім менің

Өзіңнен өскен тарап

Ата — бабам тегім менің

Жандос:

Сені Отан қасиетті

Сүйеді бар ұланың

Байрағы желбіреген

Астақтап әнұранның.

Ербол:

Ал мен елімді қорғайтын батыр боламын

Мен кішкентай баламын

Тайдай өсіп толамын

Талабым биік асқар шың

Ел сүйген ер боламын

Ән: «Қазақстан бақытты»

Айзере: Қазақстан бақытты

Білім алам талмаймын

Жамандыққа бармаймын

Бабалардай ер жүрек

Елімді мен қорғаймын.

Жәния:

Мен елтаңбамды қадірлеймін, сол жайында айтамын.

Шаңырақтан таралған

Қос пырақтай бар арман

Татулық пен елдігім

Уықтай нық қадалған

Айзере:

Бес құрлыққа танылған

Жұлдыз болып жағылған

«Қазақстан — Отаным»

Деп айшықты жазылған.

Бинұр: Әнұранымды мақтанышпен жырлаймын:

Алтын күн аспаны

Деп айтар жастары

Әнұраны елімнің

Айбыны дастаны.

Дәурен: Ал мен тақпағымды әсем қала Астанаға арнаймын.

Астана — үміт қаласы

Бас болған елдің данасы

Мақтана оған қарайды,

Қазақтың барлық баласы.

Камшат:

Он алтыншы желтоқсан

Тәуелсіздік алған күн

Ерекше боп мәңгілік

Ел жадында қалған күн

Ойын: «Елімізді гүлдендірейік»

Би: «Қамажай»

Мадина:

Әділеттің ұраны,

Ақиқаттың шырағы.

Тыныштықтың туы боп,

Зор салтанат кұрады

Дария:

Қасиетті Қазақстан мекенім,

Ақиқаттың алтын бесігі екенсің.

Елім, жерім, Отаным — бақ — дәулетім,

Болашағым, өнер — білім, өркенім.

Мейрамбек:

Бейбіт өмір тілеймін мен халқыма

Туған тілім шұбарланба жарқыра

Тарихымызда таланттылар көбейсін

Бас иемін ата баба рухына.

Бойымда әні бұлақ жатыр бұрқырап

Сол бұлақтан сыр ағыздым жыр құрап

Тілейтінім барша жұртқа бір ғана

Ырыс, бақыт, татулық пен ынтымақ.

Құрметті ата — аналар, қонақтар, еңселі еліміздің егемендік алған ортаңғы топ бүлдіршіндерімен ұйымдастырылған «Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ » атты мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды. Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын деген тілекпен, сіздермен коштасамыз.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.